

«ІСТІСЕМІН»  
Әйтеке би ауданының білім бөлімі ММ  
басшысы М.А. А.Т.Саметеев



«БЕКІТЕМІН»  
«Қ.Шаңғытбаев атындағы жалпы  
орта білім беретін мектебі» директоры  
Ж.Д.Куанышева  
2023 ж



«Ақтөбе облысының білім басқармасы  
Әйтеке би ауданының білім бөлімі» ММ  
«Қ.Шаңғытбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
2023 – 2024 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары

*Бағыты: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту*

**Қ.Шаңғытбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің**  
**2023-2024 оқу жылына арналған**  
**ЖҰМЫСТЫҚ ОҚУ ЖОСПАРЫ**

**ТҮСІНІК ХАТ**

«Қ.Шаңғытбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2023-2024 оқу жылының оқу жұмыс жоспары 2023 жылғы 1 қыркүйектегі №1 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде бекітілді.

«Қ.Шаңғытбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ мектепалды даярлық сыныбы – 2, бала саны- 26 оқушы бар.

Шағын орталық саны – 1, бала саны – 12 ( балалардың жас ерекшеліктеріне қарай кіші топта – 5, ересек топта – 7).

Оқыту тілі- қазақ . 5-күндік оқу жүйесімен оқытылады.

Мектепалды сыныптарда ұйымдастырылған іс-әрекет ұзақтығы 25-30 минут.

*Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:*

- балаларда оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);
- мектепке оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);
- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);
- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;
- баланың мектепке эмоционалды-оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

*Мектепке дейінгі ұйымдар мынадай негізгі міндеттер атқарады:*

- балалардың денсаулығын және өмірін қорғау;
- тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- сапалы мектепалды даярлауды қамтамасыз ету;
- азаматтылықты, қазақстандық патриотизмді, адам құқығы мен бостандықтарын құрметтеуді, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу;
- баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара қимиыл жасау;
- ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

**«Қ.Шаңғытбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мектепалды даярлық тобы мен шағын орталықтың 2023- 2024 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспары:**

- 1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі - Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
- 2) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (1,2-қосымша) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары); 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ,1,2-қосымшалары.
- 3) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 өзгерістер енгізу туралы бұйрығы) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырылады.
- 4) «ҚР-ның мектепке дейінгі ұйымдарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу білім процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқаулық хаты басшылыққа алынды.

Мектепке дейінгі оқытудың барлық жас ерекшелік сатысындағы мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартын әзірлеуге талаптарда белгіленген санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәкес келеді.

Қазақстан Республикасы  
 Оқу-ағарту министрінің  
 2022 жылғы 9 қыркүйектегі  
 №394 бұйрығына  
 1-қосымша  
 Қазақстан Республикасы  
 Білім және ғылым министрінің  
 2012 жылғы 20 желтоқсандағы  
 № 557 бұйрығына  
 1-қосымша

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

<b>№</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Кіші топ (2 жастан бастап)</b>
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру	Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күн сайын
3	Сенсорика	Күн сайын
4	Қоршаған ортамен танысу	Күн сайын
5	Сурет салу	Күн сайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
6	Музыка	аптасына үш рет
	Музыка	Күн сайын

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрінің  
2022 жылғы 9 қыркүйектегі  
№394 бұйрығына  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 20 желтоқсандағы  
№ 557 бұйрығына  
2-қосымша

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ересек топ (4 жастан бастап)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру	Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күн сайын
	Қазақ тілі	Аптасына бір рет
	Қазақ тілі	Күн сайын
3	Математика негіздері	Күн сайын
4	Қоршаған ортамен танысу	Күн сайын
5	Сурет салу	Күн сайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
6	Музыка	аптасына екі рет
	Музыка	Күн сайын

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрінің  
2022 жылғы «09» қыркүйек  
№394 бұйрығына  
3-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 20 желтоқсандағы  
№ 557 бұйрығына  
3-қосымша

Мектептің мектепалды даярлық сыныбына арналған мектепке дейінгі  
тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс- әрекет/балалар әрекеті	Аптасына өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру **	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Көркемәдебиет		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі ***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық, зерттеу әрекеттері	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен танысу		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық әрекет, бейнелеу	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка ****	күн сайын	

**«Қ.Шаңғытбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

**Жоспарда 5/бес бет  
нөмірленген, шнурланған.**

**Мектеп директоры: Д.Алиұлы Ж.Д.Қуанышев**

